

Халықаралық жыр мүшәйрасының жүлдегерлері жырлайды

Қазыбек ИСА, 1-орын

Жапандағы жалғыз үй



Жалғыз үйді көргенде
жапандағы
Құлазымын... бір мұңға
батам-дағы...
Сонда барып оңаша
тұрар ма еді,
Сарылтады ой осындай
сапардағы,
Ашылмаған жұмбақтай
жаһанда әлі,
Жалғыз үйге құмармын
жапандағы...

«Жалғыз ағаш жапанда егіледі,
Жапырағы жел соқса, төгіледі...»
Мұнар мұңға малынған төңірегі,
Жалғыз үй тек алыстан көрінеді...
Қара бала қараса қара жолға,
Қарап тұрып қабырғам сөгіледі...
Түсінер жан бар ма екен тегі мені,
Сұраңдаршы, сол бала не біледі...

Қарашада қара үйде қара бала,
Қара өлеңін тыңдайды дала ғана...
Қара талдай сарғайған жапырақпен,
Қарайлайды қарайған сағанаға
Қарашада қара үйде қара бала.

Қара жолға қарайды ол күнде неге?..
Қияны аңсап...
Қиялмен түрлене ме...
Ал мен неге құмармын жалғыз үйге,
Жетіспейтін көңілде бірдеңеге
Жету үшін...
Жетер кез бір келе ме?..
Қара жолға қарайды ол күнде неге?..

Жалыққаным у-шудан шығар тағы,
Жабыққаным – жалғыз үй құмартады
Жалғанған жол жүрекке ...тартады ылғи
Кетіп қалсам...
Кім маған кінә артады...
Мұңға батқан құмдағы үй мұнартады...

Жаным неге жапанды ұнатады,
Жанарыңды жасқа да шылатады...
Кешпен бірге қызарып, ойға батып,
Нұрға бөлеп оятар құба таңы...
Жаным неге жапанды ұнатады...

Ойдан кетпей осы бір күй кешегі,
Шақырады қырдағы үйге сені...
Ат үстінде тербелсең... бүлкілімен
Дүрсілі де жүректің үйлеседі...
Кеңістіктен кеткенде бас айналып,
Тыныштықтан туған бұл күй деседі...

Өзімді өзім қамаймын торға қалай,
Бір амалдың қайтейін болмағаны-ай...
Түсіп бара жатамын түсімде ылғи,
Жалғыз үйге жеткізер жолға қарай...

Жарас СӘРСЕК, 2-орын

Дауыс



Тәуелсіздіктің
алғашқы жылда-
рында іргедегі
көрші елдің диас-
порасы Қазақ-
станның шығыс
аймағын өз жеріне
балап байбалам
салғаны әлі естен
кете қойған жоқ.
Сондай-ақ, 1992
жылы Өскемен
қаласында ше-
шендердің қазақ-
тың төрт бірдей азаматын бауыздап тастағаны да жадымызда. Қаһарына мінген халық оларды Өскеменнен ары асырып жібергені де есімізде.

Күн шығатын жағымды ғайып қылам деді ме,
Күн сүйетін тәнімді майып қылам деді ме?
Көлденеңдеп көк атты көңілімді қалдырды,
Аздығымды бетіме айып қылам деді ме?

Кететіндей өңгеріп жерді жеңіл дейді ме,
Кейкітіндей кем көріп елді жеңіл дейді ме?
Етегімен ертеде өзін желден қорғаған
Бұл Қазақтың төзімін енді темір дейді ме?

Құмғанынан су берген,
Құнарынан жер бөлген,
Табу қиын бөтен жұрт Қазақ дейтін елден кең.
Оңтүстіктен оқ шашсам,
Солтүстіктен от шашсам,
Батысымнан жел тұрса – жағдайыңыз
нөлмен тең.

Өшіккенді жайменен өткізетін өңешпіз,
Обалсызға опынып оғаш болды-ау демеспіз.
Көңіл қарыз болсақ та,
Өмір қарыз болсақ та,
Біз ешкімге тарихта жермен қарыз емеспіз...

Жәркен БӨДЕШОВ, 3-орын



Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ, 2-орын

Шығыстан шыққан күн...



Шығыстан күлімдеп
шыққан күн,
Шырайлы жүзіне
сұқтандым.
Шыққанда төгілген
күлкіммен
Батқанда...
Егілген мұңыңды
ұққанмын.
Тірліктің ып-ыстық демі
едің,

Алтайды қолтықтан демедің.
Самалын сәлем қып жіберген
Сауыр мен Сайқанға не дедің?

Қалбатау жолыңда көлбеген,
Қара Ертіс – толқыған ол да өлең.
Сарғаяр Шорғаның жазығы
Қобыздың үніне шөлдеген.

Жарылқап аспан-жер арасын,
Зайсанға шуақ боп тамасың.
Сырласып Толағай-тауменен
Бір сәтке мұнартып қаласың.

Маңырақ маңынан маңасың,
Сеңгірді қимастай қарасың.
Сағыныш-нұрыңмен тербейсің
Марқаның мөп-мөлдір шарасын.

Төгілтер бозторғай таңғы әнін,
Барқытбел – Аршалы ардағым.
Білесің, Шыңғыстау бөктерін
Мекендеп мәңгі өлең қалғанын.

Шығыстан шыққан Күн арайлап,
Нұрыңа шомылар бар аймақ.
Тұлпар тау, Сұңқар тау биігін
Тұрсың ба қия алмай қарайлап?!

Алтай суреттері

Мен қайда?
Өскеменім, Алтай қайда?
Ат қазығын табады алты айналса,
Секілді менің саңлақ сағынышым,
Жарқылдап көз алдымда жалт ойнауда.

Мен қайда?
Өскемен мен Сауыр қайда?
Сауырды ен жайлаған ауыл қайда,
Бауыр қайда?
Жұлдыз біткен сорғалап көкірегіме
Ақ маңдайым жарқырап
Шағылды айға.

Жүрсін ЕРМАН, 3-орын

Өскемен



Қалдырып кетпесем де
ештеңемді,
Қимайды көңіл неге
Өскеменді?
Былдырлап тілі шыққан
балам құсап
Шықпайтын болып
алды естен енді.
Қол созып махаббаттың
жұлдесіне
Шомылсам шолпылдатып
Үлбісіне

Өскемен келіншек боп көрінеді
Оранған үлдесі мен бұлдесіне.

Жұлдыздай зерлі аспаннан үзіп алған,
Түнгі оттар шыға келсе жүзіп алдан.
Көңілдің айдынында ағараңдап,
Қаюудай құс жолының ізі қалған.

Қияқтай ай боп көкте тұрса қылыш,
Кетеді жүрек жібіп, жұмсарып іш.
Дүбірлеп түркі атының тұяқтары,
Сібірлеп оянады бір сағыныш.

Күн нұры тозаңдатып гүлдер шаңын,
Көшкендей көз алдымда күндер сағым.
Санамды сілкілейді сақ кезімде,
Сары алтын сауыт киіп жүрген шағым.

Сайы жоқ саясында гүл өспеген,
Самалы сыбырлайды бір ескі өлең.
Киесін Алтай-әжем құрмет тұтқан,
Бабамның бөркі шығар бұл Өскемен.

Жеңіспен жалғансын деп жортуылдар,
Еңістен ереуілдер еркін ұлдар.
Ішінде қарағайдың қаптап жүрген
Қайдасын, Қаратайлар, Төртуылдар?

Тарихын тергесеңдер Өскеменнің,
Жұрты бұл жөңкіп бұлтай көшкен елдің.
Алтайым – ақ бесігі
Ата қазақ
Кіндігін қылышпенен кескен ердің.

Тағдырын кешкен сол ұл Көрғұлының,
Тәңірім, енді ұзартып бер ғұмырың.
Шығыстың шаңырағы жүрген сынды
Шайқалып шүйдесінде Кербұғының.

Рахман суыңда да ырыс қайнап,
Майлайсың мұртыңды енді, мырышты

Түбінде қазаныңның тұрсын қаспақ,
Қыр асып, қиыр шетке жылыспай бақ.

аймақ.